

## ересек топтың ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінің

### технологиялық картасы

**Білім беру саласы** « Қатынас»

**Бөлімдер:** Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Әже»

**Мақсаты:** балаларға алдымызда келе жатқан 8 наурыз мерекесі екенін түсіндіру; балаларға суретке қарап өз әжелері туралы баяндап айтуға үйрету; тілдік қорларын, сөз байлықтарын дамыту.

**Корнекілік-құралдар:** әженің суреті

**Сөздік жұмыс:** әже, мейрам

| Іс- әрекет кезеңдер           | Тәрбиешінің әрекеті  | Балалардың іс-әрекеті  |
|-------------------------------|--|--|
| <b>Ынталандырушы-оятушы</b>   | Шаттық шеңбер құру.<br>Ашық болсын күніміз,<br>Биікте тұрсын туымыз.<br>Тату-дос болып халықтар,<br>Бақытты болсын балалар!  | Балалар шаттық шеңберін құрады. Бір-біріне тілек білдіреді.<br>Күніміз ашық болсын!<br>Түніміз тыныш болсын!<br>Еліміз тыныш болсын! |
| <b>Ұйымдастырушы-ізденуші</b> | Тәрбиеші сұрақтар қояды.<br>-Балалар, алдымызда қандай мереке келе жатыр?<br>- 8 наурыз аналарымыздың және әжелеріміздің мерекесі.<br>- Кімнің әжесі бар?<br>- Аты кім?<br>- Әжелерің бос уақытында не істейді?<br>- Әжелеріңе қандай сыйлық дайындадыңдар?<br>Балалар әжелерімізге сыйлыққа тақпақ айтып берейік.<br>Біз бүгін ақын Әбубәкір Қайрановтың «Әже» деген өлеңімен танысып жаттаймыз.<br>Кимешегің жаулығын,<br>Теңеп аппақ гүлге мен,<br>Әжемнің денсаулығы<br>Тілеп жүрем күнде мен.<br><br><b>Сергіту сәтті</b> | Балалар естеріне сақтап мұқият тындайды, сұрақтарға жауап береді.<br>8 наурыз<br><br>Балалар мәтіннің сөзіне сәйкес қимылдарды       |

|                               |   |   |
|-------------------------------|---|---|
|                               | <p>Жанұяда біз нешеуміз?<br/> Жанұяда біз бесеуміз.<br/> Бас бармағым -әжем<br/> Балан үйрек – атам<br/> Ортан терек- әкем<br/> Шылдыр шүмек – анам<br/> Кішкентай бөбек –мен</p> <p>Тәрбиеші әже туралы кім тақпақ, өлең білетінін сұрайды.<br/> <b>Мақал жаттау.</b><br/> «Ананың сүті-бал,<br/> Баланың тілі-бал.»</p> | <p>орындайды</p> <p>Балалар әже туралы тақпақ, өлең айтып береді.</p> |
| <b>Рефлексивті – түзетуші</b> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бүгін кім туралы айтық?</li> <li>- Ол кімнің анасы?</li> </ul>   | Балалар сұрақтарға жауап береді.                                      |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу керек:** балаларға алдымызда келе жатқан 8 наурыз мерекесін

**Алуы керек:** отбасы мүшелері туралы мағлұмат

**Істей білу керек:** сұрақтарға жауап беруді, тындай алуды.